

**ТОПЫРАҚТЫҢ ҚОРЕКТІК ОРТАСЫНЫҢ САНДЫҚ
ЖӘНЕ САПАЛЫҚ РЕСУРСТАРЫН
АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Қ.А. Абдрасулова

*Қорқын Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда қ.*

Топырак-кез-келген мемлекеттің бағалы капиталы, оның стратегиялық қоры. Осындағанда бағалы құндылықты ауыл шаруашылығында пайдаланып экологиялық түрақтылығын сақтаған түруда бүршақ тұқымдылардың маңыздылығы жоғары. Сонымен қатар тағамдық және азықтық құндылығы, оның қоректік орга түзу қызметі (топырақтың құнарлылығын арттыру, фитомелиорация, ремидиация және топырақты фитосанитарлық тазалау, есімдік шаруашылығында энергия шығынын төмөндегі) дөлелденген [1,2,3,4].

Зерттеуді жүргізу өдістері және объектілері:

Далалық тәжірибелер Қызылорда облысы, Құріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Қарауылтебе шаруашылық территориясында жүргізілді. Бұл аймақтың агротехникасы жалпыға оргақ күріштік зона. Ендірілген азот, фосфор және калий концентрациясы – 90; 120; 90 катынасына сәйкес келеді. Тәжірибелердің барлығы үш реттен қайталанды.

Далалық тәжірибелердің жүргізілген сыйбасы:

Бақылау; NPK – Фон; Фон + КС⁴; Фон + КС⁴ + нитрагин; Фон + КШ⁴; Фон + КШ⁴ + нитрагин.

Зерттеліп отырған Rhizobium melilotus бактерия культурасын көбейтудің тиімді жолдарын анықтауда оларды Виноградский коректік ортасында, бүршақ агарында, № 79 манитті–ашытқы қоректік ортасында, Скерман қоректік ортасында есірілді. Микроорганизмдердің өсу қарқыны әрбір 5 тәулікті бақыланып тұрды.

Сонымен қатар түйежоңышқаның Rhizobium melilotus түйнек бактерияның биомассасына цеолит және сероцеолиттің өсері анықталды.

Азотфиксациялаушы себу материалдары колбада есірілді. Режим – 230 айналым/мин, 26°C температурада. Азотфиксациялаушы бактериялар культуралыді сүйкіткіші араластырылғышы бар сыйымдылығы 7 және 30 л ыдыста “Electrolux” ферментіндегі жүргізілді. Биосинтез уақыты – 20-25 сағат. Ферментация кезінде pH көрсеткішінде 20% натрий гидрооксиді ендірілді. Ферментация кезінде клетка титрі Горяев бойынша анықталды.

Культуралы сүйықтықтағы азот амин және редуцияланатын заттардың динамикасы анықталды. Ферментацияланғаннан кейін алынған культуралы сүйықтықты 3000 айналым./мин центрифугада 60 минут айналдырылды.

Паста жиналды және қорғанышты ортамен арапастырылды. Қорғанышты орта ретінде 44 % сахароза ерітіндісі пайдаланылды.

Қатырылғанға дейін пастаға 20% (массасына қарай) сахароза ерітіндісі қосылды.

Алынған бактерия суспензиясын механикалық арапастырғыштың көмегімен 30 минут арапастырылды.

Қорғаныштық ортаны құйғаннан кейін микробтық суспензия биіктігі 1-1,5 см аспайтын металл ыдыстарға құйылды. Үйдыстар тәменгі температурада екі этапта қатырылды: -17 °C температурада 24 сағат, сонаң соң -35°C-де 24сағат. Сублимациялық кептіру LZ-9.2 қондырғысында жүргізілді. Материалдан ылғалдылықты сору біртіндеп температуранны жоғарлату арқылы жүргізілді, нақты тоқталар болсақ - 35-тең, +33 °C-ге дейін және тәменгі вакуумде – 28-40 Па.

Препараттарды LZ-9.2 қондырғысында кептіру орташа 24-29 сағатқа созылды. Кептірілген препараттар ыдыстардан алынып, фарфор келіге салынып біркелкі ұнтаққа айналғанша езгіленді. Құргақ концентраттар цеолитпен толықтырылды.

Зерттеу нәтижелері:

Күршітің сабаны мен қауызының комплосы және нитрагин әртүрлі бактерия топтарының кебеюінә қолайлы жағдай туғызатыны микроорганизмдердің физиологиялық топтарын зерттеу барысында анықталды.

Жоғарыда көрсетілген варианктар бойынша тәжірибе қою барысында, олардың топырақтың агрохимиялық көрсеткіштерінә әсер ету деңгейлері бірдей болмайтыны анықталынды. Атап айттын болсақ, нитрагин және комплости ендіру вариантында әртүрлі тұздардың HCO_3^- , Cl^- , SO_4^{2-} - аниондардың және Ca^{2+} , Mg^{2+} - катиондардың топырақтағы мөлшерінің тәмендейтін анықталынды. Нақты тоқталатын болсақ, алғашқы топырақ сынамаларында тұз иондарының жынытығы 1,603 % болса, түс жоңышқа есімдігінің бұтақтану кезеңінде 0,974 % тәмендегені сынама алу барысында анықталынды (1- кесте).

1 – кесте

Түйе жоңышқа өсімдігі тіршілігінің 2-ші жылының бұтақтану кезеңіндегі топырақтағы тұздардың құрамы

Сынама алынған терендік см	Иондардың барлығы %	Аниондар				Катиондар			
		HCO ₃ ⁻	Cl ⁻	SO ₄ ²⁻	Барлығы	Ca ++	Mg ++	Барлығы	Na+K айырмасы
0-25	0,974	0,036 0,571	0,027 0,771	0,629 13,104	0,692 14,446	0,204 10,200	0,041 3,417	0,245 13,617	0,037 1,609

Сонымен қатар түйе жоңышқа өсімдігі тіршілігінің 2-ші жылында өсімдікті алғашқы орын алудан кейін сынаманың нәтижесіне сәйкес компости топыраққа енгізу ондағы тұздарды мөлшерін азайтатыны анықталынды(2 кесте). Мұнда жалпы аниондар 44,5 % азайып, оның мөлшері 0,692% құрады. Кальций және магний катиондары хлор және сульфат аниондарымен салыстырғанда топырақтан аз шайылған.

2 – кесте

Түйе жоңышқа өсімдігі тіршілігінің 2-ші жылындағы I-ші орын алудан кейінгі топырақтағы тұздардың мөлшері

Сынама алынған терендік, см	Иондардың барлығы, %	Аниондар				Катиондар			
		HCO ₃ ⁻	Cl ⁻	SO ₄ ²⁻	Барлығы	Ca ++	Mg ++	Барлығы	Na+K айырмасы
0-25	0,878	0,010 0,162	0,009 0,257	0,610 12,708	0,629 13,127	0,178 8,900	0,030 2,500	0,208 11,400	0,041 1,783

Далалық эксперименттін нәтижесінде зергелген топырактарда гумустың жинақталу коэффициенті анықталды(3 кесте). Гумустың жинақталу коэффициенті А.И.Чундеров (1970) ұсынған формула бойынша анықталынды.

Күріш сабаны және қауызының биокомпосицияның жинақталуын жылдамдататыны анықталды. Яғни Фон + КС⁴ және Фон + КШ⁴ вариантында өсімдіктердің вегетациялық кезеңінде гумустың жинақталу коэффициент 107,8 – 134,6 % шамасында болды. Гумус коэффициентінің максимальді көрсеткіші нитрагинді күріш қауызының биокомпосимен бірге қолданған варианта болды – 134,6%.

Нитрагинді биокомпоспен бірге қолдануда гумус жинақталуының шартты коэффициентті

№	Тәжірибе варианты	гумус жинақталуының шартты коэффициентті, %		
		Сәуір	маусым	тамыз
1	Бақылау	72,4	81,9	83,8
2	NPK – Фон	82,04	87,3	94,4
3	Фон + KC ⁴	95,9	100,3	103,4
4	Фон + KC ⁴ + нитрагин	107,8	109,3	131,6
5	Фон + KPP ⁴	103,8	110,6	117,7
6	Фон + KPP ⁴ + нитрагин	118,9	125,5	134,6

Түйе жонышқаны алғаш рет орудан кейін, нитрагинді компостпен бірге пайдалану өсімдіктің өнімділігін жоғарлататыны анықталды (4 кесте).

Фон + KC⁴ + нитрагинді пайдалану вариантында түйе жонышқаның жасыл массасы 271 г/м² құрады, Фон + KPP⁴ + нитрагин вариантында 281 г/м², ал нитрагин және компоссыз таза минералды тыңайтқышты пайдалану NPK–Фон вариантында мөлшері - 212 г/м² болды.

Сонымен қатар, нитрагинді биокомпоспен бірге қолдануда, мәдени түйе жонышқа өсімдігінің шығымы тығызы, бұтақтануы жақсы, басқа вариантпен салыстырғанда жапырақтары қанық жасыл болды, бұл жапырақтарда хлорофилл көп жинақталуының дәлелі, олар өсімдіктерде метаболизмнің жүргүнің маңызды роль атқарады.

Түйе жонышқа (Қалдыбай сорты) өсімдігі тіршілігінің 2-ші жылдындағы I-ші орып алудан кейінгі жасыл массасына нитрагиннің өсері (далалық тәжірибе)

№	Тәжірибе варианты	Жасыл масса, г/м ²	Варианттармен салыстырғанда жоғарлауы, г/м ²		
			№ 2	№ 3	№ 5
1	Бақылау	120	-	-	-
2	NPK – Фон	212	-	-	-
3	Фон + KC ⁴	244	32	-	-
4	Фон + KC ⁴ + нитрагин	271	59	27	-
5	Фон + KPP ⁴	248	36	4	-
6	Фон + KPP ⁴ + нитрагин	281	69	37	33
	НСР _{05, г} Р, %		26,5 3,8		

Топырақтағы микроорганизмдердің биомассасын анықтау нәтижесінә келетін болсак, күріш компости және қауызын нитрагинмен бірге пайдалану микроорганизмдер биомассасының осы микробиоценозда көптеп жинақталуына оң өсерін тигізді.

Сонымен, талдаудың нәтижелерінә сәйкес қолданылған тәжірибелердің ішінде тиімді нитрагинді биокомпостен бірге пайдалану болып табылды. Бұл вариантта топырақтың биологиялық белсенделілігі жоғарлап және құнарлылық деңгейі артты.

Биокомпости минералды тыңайтқыштармен және нитрагинмен бірге пайдалану топырақта жүретін агрохимиялық және микробиологиялық процестерге өсерін тигізетін анықталды.

Нәтижесінде топырақтың қоректік затының сандық және сапалық ресурстары артып, құнарлылық деңгейі жоғарлайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вишнякова М.А. Генофонд зернобобовых культур и адаптивная селекция как факторы биолоизации и экологизации растениеводства// Сельскохозяйственная биология, 2008, № 3, с. 3-23.
2. Нечаев Л.А., Гнетиева Л.Н. Результаты исследований по повышению плодородия почвы и эффективному использованию удобрений. В сб.: Научное обеспечение производства зернобобовых и крупяных культур. Орел, 2004: 136-144.
3. Биопрепараты в сельском хозяйстве /Под ред. И.А. Тихоновича, Ю.В. Круглова. М., 2005.
4. Петрова М.В., Буравцева Т.В. Оценка клубенькообразующей способности образцов фасоли. Науч.-техн. бюл. ВИР, 1991, 213: 52-56.

Резюме

В настоящей работе изложены экспериментальные данные, полученные в полевых условиях, последействие биологического компоста из рисовой соломы и шелухи 2-го года отдельно и совместно с бакпрепаратором нитрагин на биологическую активность, агрохимические показатели и динамику элементов плодородия почв, занятых под донником.

Resume

In this paper we present experimental data obtained in the field of biological-effect of compost from rice straw and husk 2-year separately and jointly with bakpreparatorm nitragin on biological activity, agrochemical parameters and dynamics of elements in soil fertility, working under the clover.

It was revealed that biocomposts against the background of mineral fertilizers and nitrugina fundamentally changes the essence of microbiological and agrochemical processes occurring in the soil. As a result, the quantity and quality of nutrient resources and soil biological activity, which significantly affects the level of its fertility.

ӘОЖ 636.757.061

ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰМАЙ ТАЗЫ ИТІН САҚТАУДА КҮШТІ БІРІКТІРЕМІЗ

**T.K. Бексеитов,
С.Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті,
А. Нукенов, Е. Темірханов
«Алтын Мирас», Павлодар қ.**

Ит – адамның бұдан 12-15 мың жыл бұрын қолға үйреткен бірінші жануары, сол кезден бастап аң аулау кезінде оның сенімді көмекшісі болды. Содан бері ежелгі Египетте 15-тен артық тұқымы шығарылды, оның антилопты аулау кезінде қолданылатын құмай иттер де бар. Мың жыл өтседе өзімен бірге аң аулауымен қызықтыратындығымен сол кездегі тазы иттер сақталынып отыр.

Казакстан территориясының өте үлкен бөлігінде дербес тұқым құмай ит – қазақтың тазылары көп тараған. Иттің бұл тұқымына шығыстың құмай иттерінің үлкен топтары жатады, бұларға жақынырақ қыргыздың тайған, түркіменнің тазы, иран, ауған, тау және қырымның құмайлары да кіреді.

А.А.Слуцкийдін(1965) мәліметтері бойынша, Қазақстанда өткен ғасырдың 30 жылдары басында тазы иттердің саны қысқарған, кей жерлерде мұлдем жойылып кеткен. Одан кейін оның басының саны тез қалпына келді, жыл сайын екі есеге көбейді, XX ғасырдың аятында республиканы индустрIALIZАЦИЯЛАГАНДА бағалы аң терілерінә қажеттілік сұраныс азайып кеткендіктең, тазыға көnlі белінбей және таза қанды даралары шұғыл төмөндең кетті.

Қазақстанның егеменді мемлекет болып құрылғаннан бастап тазы халықтық бренд ретінде өсуі керек. Бұл үшін ит шаруашылығының құқмарлары, биолог- галымдар қазақтың құмай тазы итін сақтауда қүшті біріктірulerі керек. Оларды Қазақстанның дербес тұқымды ит ретінде апробация жасап, тұқымдар стандарттын жетілдіріп, бекітіп, сондай-ақ олардың көрмесін үйімдастыру керек. Ит құмарлардың құшпімен біздің аймақта ит